

У.А. АХАТОВ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мемлекет және құқық теориясы мен тарихы

кафедрасының профессоры м.а., заң ғылымдарының кандидаты,

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

«ТҮРКІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ»

Орталық Азия аумағында Кеңестік үлгідегі республикалардың өмірге келуі кездейсоқтық емес. Оның астарында көптеген мән жайлар жатқаны сөзсіз. Осы Түркістан өлкесінде кеңес өкіметінің орнап, оның одан әрмен қарай дамуында республиканың Халық Комиссарлары Кеңесінің ролі ерекше болды. Түркістан Республикасының басқару жүйесінде Халық Комиссарлар Кеңесі жоғары атқарушы билік тармағын қалыптастырды. Түркістан Республикасы 1918-1924 жж. аралығында өмір сүргені көпшілікке мәлім. Осы уақыт аралығында Халық Комиссарлары Кеңесінің даму тарихын шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең, 1918-1920 жж. аралығын қамтиды. Бұл уақыт аралығы қалыптасу кезеңі немесе Түркістан Республикасының алғашқы конституциясының әрекет ету аралығындағы комиссариат қызметі.

Бұл аралықта Халық Комиссарлар Кеңесінің атауы Комиссарлар Кеңесі деп аталды. Себебі сол кезеңде РСФСР үкіметі де Халық Комиссарлар Кеңесі деп аталатын. Сондықтан да ол Комиссарлар Кеңесі, ал халық комиссарлары комиссарлар деп аталды. Комиссарлар Кеңесі Конституцияға сәйкес Түркістан Республикасында жалпы істерді басқарды және өз өкілеттігі шегінде бұйрықтар, өкімдер мен нұсқаулықтар шығаруға құқылы болды. Және де республиканың қалыпты және қауіпсіз өмір сүруі үшін қажетті басқа да шараларды жүзеге асырды [1].

Комиссарлар Кеңесі көптеген мүшелерден тұрды және олардың әрқайсысы республиканың маңызды деп саналатын салаларын басқарды. Комиссарлар Кеңесі мен комиссарларды Түркістан ОАК қалыптастырды. Конституцияның 12 бабына сәйкес республикада атқару билік жүйесін 15 комиссариат құрды. Олар: Сыртқы істер; Әскери істер; Ішкі істер; Әділет; Еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру; Оқу-ағарту; Почта және телеграф; Қаржы істері бойынша; Көлік байланысы; Жер шаруашылығы; Тамақтандыру; Мемлекеттік бақылау; Ұлт мәселесі бойынша; Денсаулық сақтау; Орталық халық шаруашылығы кеңесі.

Әрбір комиссариат келесідей негізгі бөлімдерден тұрды: 1) Комиссариат алқасы; 2) Бөлімдер; 3) Бөлімдер алқасы; 4) Халық комиссариатының кеңесі; 5) Комиссарлар [2].

Комиссариат жанынан комиссар төрағалық ететін алқалар құрылды, олардың мүшелерін Комиссарлар Кеңесі бекітіп отырды. Алқаның шын мәніндегі құқықтық

мәртебесі тек формальды сипатқа ие болды. Комиссар өзінің тиісті комиссариатының құзіретіне жататын барлық мәселелер бойынша жеке дара шешім қабылдауға құқылы болды. Комиссар әрбір жүзеге асырылып жатқан шаралар жөнінде алқаға мәлімет беріп отырды. Міне осы тұста ғана алқа немесе оның мүшелері комиссардың шешімімен келіспеген жағдайда Комиссарлар Кеңесі немесе Түркістан ОАК Президиумына аталған шешімнің күшін тоқтатпай шағымдану мүмкіндігіне ие болды.

Комиссарлар мен комиссариат жанындағы алқалар толығымен Комиссарлар Кеңесі мен Түркістан ОАК-ті алдында жауапты болды. Ал Комиссарлар Кеңесі өз кезегінде Түркістан Кеңестерінің съезі мен Түркістан ОАК алдында жауапты болды. Комиссарлар Кеңесі өздерінің қабылдаған барлық шешімдері мен атқарған жұмыстары жайлы Түркістан ОАК хабарлап отырды.

Түркістан ОАК Комиссарлар Кеңесінің кез-келген қаулылары мен шешімдерінің күшін жоюға немесе тоқтата тұруға құқылы болды. Комиссарлар Кеңесі өздерінің қарауына жататын жалпы саяси маңызы бар қаулылар мен шешімдерді Түркістан ОАК мақұлдауына жіберіп отырды.

Түркістан республикасының атқарушы билік органы – Халық Комиссариатының екінші даму кезеңі 1920-1924 жж. аралығын қамтыды. Бұл уақыт аралығы Халық Комиссариатының даму тенденциясын көрсетті. Және де республиканың екінші конституциясының қабылдануы мен Түркістан Республикасының таратылу аралығын қамтыды.

1920 жылғы жаңа Конституцияның қабылдануымен Халық Комиссариатының құрылымдық жүйесі көптеген өзгерістерге ұшырады. Халық Комиссариаты ендігі жерде Халық Комиссариатының Кеңесі деп аталып, комиссариаттар саны мен құрылымдары өзгеріске ұшырады. Ендігі кезеңде, Халық Комиссариатының Кеңесі келесі комиссариаттардан тұрды. Олар: Ішкі істер; Әділет; Еңбек; Әлеуметтік қамсыздандыру; Оқу-ағарту; Почта және телеграф; Қаржы; Көлік байланысы; Жер шаруашылығы; Тамақтандыру; Жұмысшы-шаруа инспекциясы; Орталық статистикалық басқарма; Денсаулық сақтау; Орталық халық шаруашылығының кеңесі [3].

Конституция бойынша Халық Комиссариаты Кеңесінің құрамында Үлкен және Кіші Халық Комиссариатының Кеңесі жұмыс жасады. Үлкен Халық Комиссариатының Кеңесі қоғамның жалпы саяси және экономикалық өмірін қамтитын декреттердің жобалары мен қаулыларды талқылады, бекітті немесе қажет болған жағдайда оны Түркістан ОАК бекітуге жіберіп отырды. Сонымен бірге мемлекеттік мекемелердің қызмет ету тәжірибесіне; республиканы басқаруға қатысты жалпы сұрақтарды қамтитын қаулылардың жобаларын; әртүрлі ведомстволардың штаттық кестесін қамтитын қаулылар жобаларын және т.б. әкімшілік құрылымға қатысты қаулылар жобаларын қарастыруға құқылы болды.

Ал Кіші Халық Комиссариатының Кеңесі тиісінше Халық Комиссариатының Кеңесінде қаралатын сұрақтарды алдын ала қарауға; республикада ведомствалық деңгейде жүзеге асырылатын бағдарламаларды қарастыру және бекіту; әрбір комиссариаттың алдына қойылған міндеттер мен атқарылған жұмыстар жөнінде жүйелі

түрде есептерін тыңдау және т.б. ағымдағы мәселелерді қарастыру мақсатында құрылған болатын [4].

Қорыта келгенде, Түркістан Республикасының басқару жүйесінде Халық Комиссариаттарының Кеңесі өлкеде кеңес өкіметінің орнап, өлкені қамтыған азаматтық соғыс жылдары өзінің кәсіби атқарушы билік тармағының өкілі екенін көрсете білді.

ӘДЕБИЕТ

1 Конституция Туркестанской Республики Российской Социалистической Советской Федерации, принятая VI-м Туркестанским съездом Советов от 15 октября 1918 года. – Ташкент, 1918. – 8 стр.

2 ЦГА Республики Узбекистан. Ф.17; Оп., 1, д.18. л.14.

3 Конституция Туркестанской Республики Российской Социалистической Советской Федерации, принятая IX-м Туркестанским съездом Советов от 24 сентября 1920 года. – Ташкент, 1920. – 10 стр.

4 ЦГА Республики Узбекистан. Ф.17; Оп., 1, д.496. л.38.